



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№21 (773) Сәрсенбі 25 мамыр 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltiledigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

Осы аптада кең-байтақ Отанымыздың барлық өңірлеріндегі білім ұяларында күміс қоңыраудың сыңғыры естіліп, жұртшылық түлектерге сәт сапар тіледі.

Он бірінші сыныпты бітірушілер өмірге жолдама алып жатса, мектеп табалдырығын өткен жылы алғаш аттаған бүлдіршіндер бір сатыға көтеріліп, ата-ананың, ұстаздар қауымының көз қуанышына айналды. Соңғы қоңырау басталған кездегі үш толқын ұрпақтың: ата-аналар мен ұстаздардың, оқушылардың жүздеріндегі алаулаған шаттықты, көздеріндегі шуақты нұрды, көңілдеріндегі алабыртқан сезімді көргенде, кімнің де болса жан дүниесі толқмай тұра алмайды. Әсіресе, тәуелсіз еліміздің Әнұранын айтқанда, сарбаздай сап түзеіп тұрған оқушылар, оның ішінде бастауыш сынып бүлдіршіндері оң колдарын жүрек тұсына қойып,

Әнұранның сөзі мен әуенін әсем үндерімен әуелете айтқанда, бойынды керемет бір толқын кернеп кеткені анық. Биыл оқу жылы аяқталған соң орта білім беру ұйымдарының базаларында 26 мамыр мен 17 маусым аралығында 1-8, 10-сыныптағы білім алушылар үшін жазғы мектеп жұмыс істейді. Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, жазғы мектепті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар барлық білім беру ұйымдарына жолданды. Осылайша оқыту сапасын арттыру, жалпы білім алушылардың, оның ішінде үлгерімі төмен оқушылардың күрделі пәндерді игеруіне ерекше басымдық беріліп отыр. Жазғы мектептің сабақ

кестесі мен жұмыс жоспары бекітілген, топтардағы немесе сыныптардағы толымдылық 25 адамнан аспайтын болады. 2021-2022 оқу жылында 8 мыңға жуық оқушы мектеп бітіреді. Оның ішінде Ұлттық бірінші тестілеуге 7508 оқушы қатысады деп күтілуде. Биыл облыс бойынша 292 оқушы – «Алтын белгіге» үміткер. Оның 99-ы – Қызылорда қаласы мен облыстық мектептерден болса, қалған 193-і – аудан мектептерінің түлектері. «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен тапсыратын мемлекеттік емтиханы келесі, яғни, 2022-2023 оқу жылына ауыстырылды. Бұл орайда биыл мектеп бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырады. Үлкен өмірге қадам аттаған мектеп бітіруші түлектерге біз де сәттілік тілейміз

Саяжан ҚОЖА

## СӘБИТ – СЫР ЕЛІНДЕ

Нұр-Сұлтан қаласында көпқабатты үйдің терезесінен үш жасар қызды құтқарып қалған Сәбит Шонтақбаев туған жеріне келді. Сыр жұртшылығы ардақты азаматын ыстық ықыласпен күтіп алды. Сәбит болған оқиғадан кейін туған жерге келіп, ата-баба рухына құран бағыштап, ата-анасының батасын алу туған жеріне табан тірегенін айтты.



Бұл туралы ол өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған көшпелі брифингте журналистер қызылордалық журналистер оқиғаның жай-жапсарын сұрады. Сәбит Жалағаш ауданына қарасты Аққұм ауылында дүниеге келген. Досы Сағи Жылқышевпен Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс істеуге барған. Пәтер жалдап тұрған азаматтардың ерлігі

– Танертең жұмысқа бара жатқанбыз. Сол кезде адамдардың бір жерге жиналып, жоғары жаққа қарап, айқайлап тұрғанын көрдік. Қарасак, 8-қабатта кішкентай бүлдіршін салбырап тұр екен. Бар ойымыз оны құтқару болды. Содан бірден жетінші қабатқа көтеріліп, терезеден шығып баланы қағып алдым, – дейді Сәбит Серікұлы. Расында, терезенің жақтауынан ешбір құралсыз ұстап тұрып, адам жанын арашалап қалу көзсіз ерлікпен тең. Бейбіт күннің батыры атанып, елдің қошеметіне

бөленген азаматты отбасы да мақтан тұтады. – Иә, оқиғаны естігенде біз де таңғалдық. Әрине, адам ерлік жасау үшін дайындалмайды ғой. Өзінің өміріне де қауіп төнді. Бірақ дер кезінде шешім қабылдап, адам жанын аман алып қалды. Елдің алғысын естігенде қуанып қалдық. Құттықтау тілектерін жеткізген барша жанға алғыс айтамын, – деді Сәбиттің жары Әйгерім. Еске сала кетейік, осы жағдайдан кейін әлеуметтік желіде видео тарап, барша халық Сәбит Шонтақбаевтың ерлігіне тәнті болды. ҚР Төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев азаматты «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапаттаса, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов жеке қабылдап, оның Локомотив зауытына жұмысқа орналасатынын айтқан болатын. Ал «G-парк» құрылыс компаниясы оған үш бөлмелі пәтерді сыйға тартты.



## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қала әкімінің 2022 жылғы 23 мамырдағы өкімімен Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары лауазымына Нұрмағанбетов Руслан Аймұрзаұлы тағайындалды.

Руслан Аймұрзаұлы 1983 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. 2006 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін «Технологиялық кешендердің электр жетегі және автоматтандырылуы» мамандығы, 2009 жылы «Болашақ» университетін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2006 жылы «Энергомонтаж автоматика» ЖШС-де инженер-бағдарламашы ретінде бастаған.

2007-2014 ж.ж. Қызылорда облыстық қаржы департаментінде, облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасында, облыстық энергетикалық қадағалау және бақылау басқармасында жауапты қызметтерді атқарған.

2014-2015 ж.ж. Қызылорда облыстық энергетика және тұрғын-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары; 2015-2017 ж.ж. «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ директорының орынбасары;

2017-2020 ж.ж. «Қызылорда жылу электр орталығы» мекемесінің директоры;

2020-2021 ж.ж. Қызылорда облыстық энергетика және тұрғын-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы;

2021 жылдан бастап осы кезге дейін ҚР Энергетика министрлігі «Жаңартылатын энергия көздері департаменті» мекемесінде басқарма басшысы қызметін атқарып келді.

Руслан Аймұрзаұлы қаланың құрылыс, сәулет және қала құрылысы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, қоғамдық көлік, мемлекеттік саатып алу және тұрғын үй инспекциясы саласына жетекшілік ететін болады.

## Мұрат Бақтиярұлы: ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ – ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚОЛЫНДА

Өткен аптада өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ҚР Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы жалпыхалықтық референдумға байланысты БАҚ өкілдерімен бірге дөңгелек үстел өткізді.

Жиын барысында Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың маңыздылығы айтылып, қоғамдағы түйткілді мәселелер кеңінен қозғалды. Сондай-ақ, Мұрат Бақтиярұлы халыққа референдумның өзектілігін түсіндіру керектігін де тілге тиек етті.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 5 мамырда Ата-Занымызға өзгеріс енгізу туралы республикалық



референдум өткізу жөнінде Жарлыққа қол қойды. Бұл Тәуелсіз ел атанған 30 жыл ішінде ауқымды саяси шешім болмақ. Мемлекет басшысының наурыз айындағы Жолдауында саяси реформаның өзгеретінін және экономикалық тұрғыда нақты әрекеттер жүргізілетінін айтты. Осыған сәйкес, Конституциядағы 98 баптың 33-не өзгерістер енгізіледі.

Жалпы биліктің 3 тармағы бар. Бірінші, билік тармақтарының арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру. Екінші, біздің басшысының нағыз мемлекеттік билікке тарту мәселесі. Үшінші, адам және адам құқықтары. Осы бағытта саяси жүйеде өзгеріс орын алады. Сонымен қатар қоғам арасында тіл мәселесі әлі күнге дейін өзектілігін жойған емес.

Бізге дейінгі тіл жанашырлары да Парламент төрінде мәселе көтеріп, халықтың сөзін жеткізді. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін өз тілімізге сұраныс тудыруымыз керек. Ол үшін кез келген халыққа қызмет жасайтын мекемелерде қазақ тілін білмейтін қызметкерлерді жұмысқа алмау керек. Бұл депутаттар мен мемлекеттік қызметкерлерге де қатысты мәселе. Елімізде халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында бірқатар шаралар қабылданды. Тиісінше, 2025 жылға дейін дәрігерлер мен БАҚ өкілдерінің табысы бірнеше есеге өспек. Алда болатын жалпыхалықтық референдумға баршалаарыңызды шақырамын. Еліміздің болашағы – ел азаматтарының қолында, – деді ҚР Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы.

Мазмұнды шара соңында журналистер өз ұсыныстарын айтты, сенатормен пікір алмасты.

Жанар ТҮРДЫБЕКҚЫЗЫ

## Республикалық «Ел тілегі» және «Жарасымды жанұя» журналына 2022 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Бүгін оқырманды газетпен емес, газетті оқырманмен қамтамасыз ету қажеттілігі туған кезеңде сенімді, әрі шынайы ақпарат алғысы келген, елінің ғана емес, өзінің де тағдырына бей-жай қарай алмаған кез келген азаматтың басылымдарға жазылудан қалып қалғаны анық. Ендеше, құрметті оқырман, бізбен бірге болып, басылымдарымыздан рухани ләззат алыңыз!

«Ел тілегі» газеті 6 айға – 2500 теңге  
«Жарасымды жанұя» журналы 6 айға – 2850 теңге







